

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

19 қазан 2017 жыл

KASE 2017 жылдың үшінші тоқсаны және тоғыз айының қорытындысына арналған баспасөз конференциясын өткізді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) 2017 жылдың үшінші тоқсанындағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды.

- 2017 жылдың 14 қыркүйегінде KASE есептесуі T+2 қытай юані / қазақстандық теңге валюталық жұбының сауда-саттығын ашты.
- KASE мен жетекші қазақстандық бизнес-инкубаторлар KASE негізінде start-up (стартап) құру бойынша жұмыстар жүргізу үшін Өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.
- 2017 жылдың 04 қыркүйегінде Биржа Telegram қосымшасында өзінің ресми ақпараттық арнасы – @KASEInfoBot іске қосты.
- 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап 08 желтоқсанына дейін KASE бөлшек инвесторлардың арасында акциялар нарығында конкурс өткізеді.
- 2017 жылдың 9 айы барысында Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 119,0 трлн теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 62,6 %-ға немесе 45,8 трлн теңгеге өсті. Биржалық нарықтың барлық секторлары елеулі өсім көрсетті. Абсолюттық көрсеткіштерде негізгі өсімді ақша нарығы көрсетті.
- KASE Индексі тоғыз жылдық максимумды жаңартып, жыл басынан бастап 51 % ұлғайды. Акциялар нарығының капитализациясы 16,4 %-ға 16,6 трлн теңгеге дейін өсті. KASE тізімдеріндегі акциялар эмитенттерінің және акциялар шығарылымдарының саны тоқсан сайын тарихи максималды көрсеткіштерді жаңартып отырды.
- 2017 жылдың 02 қазанынан бастап Биржада корпоративтік облигациялар нарығының – негізгі және альтернативтік сауда-саттық алаңдары үшін – индикаторлар іске қосылды.
- 2017 жылдың 28 тамызынан бастап KASE, өтеу мерзіміне қарамастан, Қазақстанның индекстелмеген МБҚ барлығына нарықтық бағалауға қайта кірісті. Ұлттық банкі мен Қаржы министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында жаңа дағдарыссыз қисықты құру аяқталды.
- Деривативтер, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары және халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының нарықтарында қозғалыстар байқалады.
- KASE өзінің жаңа сайтының нұсқасында (beta.kase.kz) пайдаланушылардың негізгі топтары – инвесторлар, эмитенттер, Биржа мүшелері және қпараттың тұтынушыларына арналған мақсатты парақтарды іске қосты.
- KASE және Bank of China limited өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.
- KASE және "Даму" Кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Өзекті жобалар мен іс-шаралар

KASE дамуының 2016-2018 жылдарға Стратегиясын іске асыру мақсатында келесідей іс-шараларды жүзеге асырды:

- 2017 жылдың үшінші тоқсанында эмитенттерді тарту шегінде Биржа жеке кеңес берушілік және оқыту сессияларын өткізді. KASE мамандары Солтүстік-Қазақстан және Оңтүстік-Қазақстан бизнес қауымдастығының өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді;
- Листингтік компанияларды қолдау бойынша жұмыс шегінде "KEGOC" АҚ, "БАСТ" АҚ және "ҚазТрансГаз" АҚ жетекшілерінің инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен кездесулер өткізді.

Биржа "Атамекен" ҰКП қолдауымен листингтік компанияларға арналған, «Қор нарығының негіздері» тақырыбына семинар өткізді.

International Financial Corporation (IFC) қолдауымен "Қазақстанда ESG есеп берушілігі практикасын енгізу және даму перспективалары" дөңгелек үстел ұйымдастырылды;

- 2017 жылдың 04 қыркүйегінде Биржа Telegram қосымшасында – @KASEInfoBot ресми ақпараттық арнасын іске қосты. Осы арна биржалық ақпараттың қолданыстағы көздеріне қосымша болып табылып, KASE сауда-саттықтары туралы мәліметтерді мазмұндайды. Осы кезде арна шетел валюталарының және бағалы қағаздардың сауда-саттықтары туралы ақпаратты қамтиды;
- 2017 жылдың 14 қыркүйегінде KASE шетел валюталарының нарығында жаңа қаржы құралы – Қытай Халық Республикасының (ҚХР) юанінің есептесуі T+2 теңгемен (CNYKZT_SPT) сауда-саттығын ашу болып өтті;
- KASE және Bank of China limited өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Компаниялар қазақстандық және қытай инвесторларына теңгемен және юаньмен номинацияланған қаржы құралдарының толығырақ жиынтығын болашақта қолдануға мүмкіндік беретін, жобалар бойынша бірлесе жұмыс жүргізеді;
- KASE және жетекші қазақстандық бизнес-инкубаторлар жас компанияларды қаржыландыру тарту үшін алаң болатын – Биржада start-up (стартап) жобаларын құру бойынша жұмыстар жүргізу мақсатында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды;
- 2017 жылдың 02 қазанынан бастап негізгі алаңның индикаторы (KASE_BM сериясы) – таза бағалар индексі KASE_BMC және кірістілік индикаторы KASE_BMY, сондай-ақ альтернативтік алаңның индикаторы (KASE_BA сериясы) – таза бағала индексі KASE_BAC және кірістілік индикаторы KASE_BAY есептеуді бастады;
- KASE "Даму" Кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ ("Даму" Қоры), кіші және орта бизнес субъектілеріне қолдау көрсетуді көздеген, соның ішінде кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру көздерін диверсификациялау және кәсіпкерлердің басқарушылық құзіреттілігін арттыру арқылы, өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды;
- 2017 жылдың 01 қарашасынан бастап 08 желтоқсанына дейін KASE, Қазақстан Республикасында акциялардың биржалық сауда-саттығын дәріптеу мақсатында, бөлшек инвесторлар арасында акциялар нарығында конкурсеткізеді;
- Биржа өзінің жаңа сайтының нұсқасында (beta.kase.kz) пайдаланушылардың негізгі топтары – инвесторлар, эмитенттер, Биржа мүшелері және қпараттың тұтынушыларына арналған мақсатты парақтарды іске қосты.
Лендингтерді жасау мақсаты интернет-сайттың контентін нақты санаттағы пайдаланушылардың сауалдарына бейімдеу болып табылады. Жаңа мақсатты беттер арқылы KASE өз қызметін клиенттер мен серіктестер үшін ашығырақ және түсініктірек етуге ұмтылады;
- сауда-саттық жүйесінің жаңа нұсқасы іске қосылып, оған толықтырулар енгізіліп, функционалдық мүмкіндіктер кеңейтілді.

Акциялар нарығы

01 қазанда Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 110 эмитенттің 128 атаудағы акциялар болды, соның ішінде листингілік емес алаңда – алты компанияның алты атаудағы акциялары. Жылдан бастап Биржада он атаудағы акциялар листингтен өтті:

Эмитенттің атауы	Коды	Сауда-саттық тізімдеріне енгізу күні	Сауда-саттық ашу күні
"ЗА-БэстГрупп" АҚ	BSGR	09.02.17	10.03.17
"АПАТАУ-ҚҰС" АҚ	ATKS	13.03.17	13.04.17
"ҚазАзот" АҚ	KZAZ	02.05.17	12.05.17
"Standard Life" Өмір сақтандыру компаниясы" АҚ	SKSL	26.05.17	26.07.17
Ferro-Alloy Resources Limited	GG_FERR	26.06.17	–
"Altyn Bank" АҚ ("Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕБ)	ATBN	19.07.17	–
"Шұбаркөл Премиум" АҚ	SHUP	21.08.17	–
"Mega Center Management" АҚ	MEGA	21.08.17	–
"Аль Сакр Финанс" АҚ	ALSF	03.08.17	07.08.17
"Алма Телекоммуникайшнс Казахстан" АҚ	ALTV	29.09.17	–

Жыл басынан бастап акциялар нарығының капитализациясы 16,4 %-ға өсіп 16 609,8 млрд теңгеге жетті.

Акциялар сауда-саттығының жиынтық көлемі 238,1 млрд теңгені құрады және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 105,3 млрд теңгеге немесе 79,3 %-ға өсті. Бұл ретте негізгі өсімді қайталама нарық қамтамасыз етті (+98,5 млрд теңге немесе 74,6 %). Бастапқы нарықтың көлемі 7,6 млрд теңгені құрады, үшінші тоқсанда орналастырулар болған жоқ. Қайталама нарықтың көлемі 230,5 млрд теңге көлемінде бағаланады.

2017 жылдың 26 шілдесінде Биржада "Каспий мұнай" АҚ акцияларын сату бойынша арнайы сауда-саттықтар өткізілді. Барлығы 10 мың жай акция сатылды, жалпы көлемі 110,8 млрд теңге.

2017 жылдың 04 қыркүйегінде "Шұбаркөл Премиум" АҚ акцияларын сату бойынша арнайы сауда-саттықтар өткізілді. Компания қызметінің негізгі түрі көмір өнімін барлау, шығару, сату және сатып алу, сондай-ақ тау-кен өндірістерін эксплуатациялау болып табылады. Сауда-саттық қорытындысы бойынша 33 мың акция 54 545,46 теңгеден сатылды. Қанағаттандырылған өтінімдердің нақты жиынтық көлемі 1,8 млрд теңгені құрады.

2017 жылдың 26 қыркүйегінен бастап KASE қайталама нарығы секторында Ferro-Alloy Resources Limited жай акцияларының сауда-саттығы ашылды. Тамыз айының басында Ferro-Alloy Resources Limited, Аспандау, ғылыми-білім беру қорымен байланысты, инвесторлардың арасында акцияларды жекеше орналастыру жүзеге асырылғанын еске саламыз. Компания Биржада IPO өткізгенде айтылған, стратегиясына сәйкес, жоғары технологиялық ванадий өндірісі және Бала-Сауысқандық кен орнын дамыту үшін қаржыландыру тарту бойынша әлеуетті стратегиялық және қаржылық инвесторлармен келіссөздерді жалғастырып жатқаны туралы хабарлады. Сондай-ақ, Лондон қор биржасында компания акцияларының үстіміздегі жылдың соңында листингі бойынша жоспарлар іске асырылуда.

KASE ИНДЕКСІ

Тоғыз айдың қорытындысы бойынша KASE Индексінің өсуі 691 нүктеге немесе 51 %-ға 2 049,24 нүктеге дейін жетті. KASE Индексі бес ай бойы қапталдағы трендте болғаннан кейін, маусым айының соңында өсуін жалғастырды, өзінің тоғыз жылдық максимумын жаңартып, 2 000 нүктеден жоғары психологиялық деңгейінде тұрақтады. Индекстің сегіз акциясының жеті акциясы өсім көрсетті.

1 кесте. KASE өкілетті тізіміне кіретін, акциялар бағаларының өзгеруі

Эмитенттің атауы	01.10.17 бағасы	Тренд – Q3, %	Жыл басынан бастап тренді, %
KAZ Minerals PLC	3 481,0	63,4	+130,2
"Кселл" АҚ	1 920,0	48,8	+74,5
"Қазақтелеком" АҚ	19 100,0	17,9	+31,5
"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ	20 480,0	11,9	+34,1
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	81,1	10,3	+61,0
"ҚазТрансОйл" АҚ	1 325,0	9,1	+7,6
"Банк ЦентрКредит" АҚ	158,5	1,6	-5,9
"KEGOC" АҚ	1 380,0	-1,8	+15,8

KAZ Minerals PLC акциялары ең үлкен өсім көрсетті, олардың құны 130,2 %-ға өсіп, бір акцияға 3 481,0 теңгені құрады. Компанияның акциялары мыстың баға белгілеулерінің сенімді оң трендінің қалыптасуы аясында, инвесторлардың оптимизмі, сондай-ақ мықты өндірістік нәтижелерді жариялау тұсында өсім көрсетті.

Екінші орында "Кселл" АҚ акциялары, олардың құны 74,5 %-ға бір акцияға 1 920,0 теңгеден болды. Осы акциялардың қарқынды саудасының өсімі қыркүйек айында компанияны, штаб-квартирасы Стокгольмда орналасқан, түркиялық гигант Turkcell компаниясымен сатып алу мүмкіндігі туралы ақпараттан туындаған, инвесторлардың спекуляциялары аясында болды.

Үшінші орында "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ акциялары болды, олар 34 %-ға қымбаттап, бір акцияға 20 480 теңгеден болды. Компанияның 466,5 млрд теңге көлеміндегі кірістері, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 42% жоғары болды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша акциялар нарығында ең белсенді жеке тұлғалар болып қалды, айналымның 53,4 % олардың шоттарына тиесілі. Брокерлер-дилерлердің үлесі 29,1 %, өзге заңды тұлғалардың шоттарына 11 %. Екінші деңгейдегі банктердің үлесі (ЕДБ) 2,5 %, басқа институционалдық инвесторлар жалпы көлемнің 3,9 % қамтамасыз етті. Резидент еместердің үлесі 1,8 % құрады.

Корпоративтік облигациялар нарығы

Саудаланатын борыштың көлемі 6 % өсіп, 8,8 трлн теңгеге жетті.

KASE сауда-саттық тізімдеріне 68 эмитенттің корпоративтік облигациялардың 264 шығарылымы енгізілді.

Аяқталған кезеңде KASE тізімдеріне 15 компанияның облигацияларының 23 шығарылымы енгізілді. Үшінші тоқсанда "KEGOC" АҚ, "Қазақстанның даму банкі" АҚ, "Самұрық-Энерго" АҚ, "БАСТ" АҚ, "Хоум Кредит энд Финанс Банк" АҚ ЕБ, "ҚазТрансГаз" АҚ, "СФК "Capital Group" ЖШС облигациялары енгізілді.

Биржадағы корпоративтік облигациялар сауда-саттығының көлемі 393,1 млрд теңгеге жетті және өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3,1 % өсті. Бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемі 192,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштерден 43,5 % төмен.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигацияларды орналастыру шегінде 15,7 % ЕДБ үлесінде, 5,6% – олардың клиенттерінің еншісінде, 53,2 % өзге институционалдық инвесторлардың үлесі, 6,8 % – брокерлік-дилерлік компаниялар, 18,1 % – өзге заңды тұлғалар және шамамен 1% - жеке тұлғалардың еншісінде.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 159,2 млрд теңге немесе 4,8 раза өсіп, 201,1 млрд теңгені құрады. Корпоративтік облигациялар нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 9,4 % ЕДБ мәмілелері құрады, 44,0 % өзге институционалдық инвесторлар, 8,7 % – брокерлер-дилерлердің жеке шоттары, олардың клиенттерінің еншісінде – өзге заңды тұлғалардың шоттары – 35,5 %, 2,5 % жеке тұлғалардың шоттарына тиесілі болды. Резидент еместердің үлесі – 2,5 %.

Мемлекеттік бағалы қағаздар (МБҚ) нарығы

Нарықтық бағалар бойынша мемлекеттік қарыздың сомасы 8,7 трлн теңгені құрады, жыл басынан бастап 1 402,6 млрд теңгеге немесе 19,2 % (долларлық көрсетілімде 16,7 %) өсті. МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі 4 есеге 1 597,1 млрд теңгеге дейін артты.

Бастапқы нарықтың көлемі 1 398,6 млрд теңгені құрап, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6 есеге артты. Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шегінде тұрғын үйлер құрылысын қаржыландыру мақсатында 12 облыстың әкімдіктері өздерінің муниципалдық облигацияларын жылдық 0,15 % 28,7 млрд теңге сомасына орналастырды. Астана Әкімдігі нарықтық шарттармен жылдың 9,2 % 15,1 млрд теңгеге орналастырды. Бастапқы нарықтың 1 354,8 млрд теңге сомасына қалған көлемі Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларының орналастырулары болды.

2017 жылдың үшінші тоқсанында 14 аукцион өткізіліп, облигациялардың 12 шығарылымдары 1 050,3 млрд теңге сомасына орналастырылды. Қыркүйекте қызанашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша үш аукцион болып өтті, олардың жиынтық сомасы 7,1 млрд теңгені құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 0,5 %-ға өсіп, 198,5 млрд теңгені құрады.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың құрылымында ЕДБ үлесі 49,9 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 40,1 %, брокерлер-дилерлердің үлесі – 5,7 %, заңды тұлғалардың үлесі – 4,3 %, 1 %-дан кемі жеке тұлғалардың үлесінде болды.

ХҚҰ облигациялары

Есептік кезеңнің соңында сауда-саттық тізімдерде Еуразиялық даму банкінің және Еуропалық қайта құру және даму банкі облигацияларының тоғыз шығарылымы болған. Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 20,2 млрд теңгені құрады.

Инвестициялық қорларды бағалы қағаздары

Есептік кезеңнің соңында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес компанияның басқаруындағы алты қаржы құралы болған.

Үстіміздегі жылдың тоғыз айында сауда-саттық көлемі 964,8 млн теңгені құрады, өткен жылдың осы кезеңіндегі нәтижелермен салыстырғанда 89,1 % жоғары. Бұл ретте аталмыш көлемнің 87,8 % сәуір, тамыз және қыркүйек айларына тиесілі. Көлемнің көшбасшылары Фридом Финанс басқаруындағы ASYL_or пайлары (552,3 млн теңге; 6 мәміле), екінші орында – Сентрас басқаруындағы CSECfe пайлары (333,4 млн теңге; 29 мәміле); CSECgm бойынша – 56,6 млн теңге және US_SPY_ бойынша – 22,4 млн теңге.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 55,8 % жеке тұлғалардың үлесінде, 1,2 % – брокерлік-дилерлік компаниялар және 43,1 % олардың клиенттері – жеке тұлғалар.

Шетел валюталарының нарығы

2017 жылдың тоғыз айындағы валюта сауда-саттықтарының жалпы көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12,4% өсіп, 8,93 трлн теңгені құрады.

Төменде берілген кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалар берілген (жақша ішінде көрсеткіштің алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда өзгеруі немесе шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының өзгеруі).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдар, валюта бірлігіне теңге	Тоқсан соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	10341,4 (+8,7 %)	95,37 % (-4,0 п.п.)	21361 (+2610)	319,00–342,14	341,19 (+5,9 %)
RUB/KZT	28277,6 (+1078,1 %)	4,53 % (+4,1 п.п.)	654 (+193)	5,3910–5,9600	5,8842 (+8,1%)

EUR/KZT	6,6 (-46,1 %)	0,07 % (-7 б.п.)	39 (-55)	365,55–406,50	402,30 (+9,1 %)
CNY/KZT	22,6 (-17,7 %)	0,03 % (-1 б.п.)	179 (-55)	47,4600–52,3400	51,1931 (+8,0 %)

Ақша нарығы (репо операциялары және валюталық совп операциялары)

Қыркүйек айының соңында ақша нарығының композиттік индикаторы **MM_Index** есептік кезеңнің басынан бастап 1,22 %-ға 9,32 % дейін төмендеді. Жалпы алғанда, мөлшерлемелердің 2017 жылдың шілдесінен бері өзгеру волатильділігі айтарлықтай емес. Осымен бірге, ақша нарығындағы сауда-саттық көлемі 2017 жылдың қаңтар айынан бастап қыркүйегіне дейін, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 67,7 %-ға немесе 43 517,5 млрд теңгеге өсіп, 107 813,3 млрд теңгеге жетті, бұл KASE сауда-саттықтарының жалпы көлемінен 90,6 % құрайды. **KazPrime-3M (KZT)** Индикаторы банктер арасында банк аралық депозиттерде ақшаларды орналастыру кезіндегі ақша құнының көрсеткіші болып табылады, осы көрсеткіш 25 б.н. төмендеп жылдық 11,25 % құрады (жоғарғы шекарасы 10,25 %+1 %).

Репо операциялары нарығындағы сауда-саттық көлемі үстіміздегі жылдың тоғыз айында өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 9 909,0 млрд теңгеге немесе 22,1 %-ға өсіп, 54 801,8 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо мәмілелерінің үлесі 49 809,2 млрд теңге немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінен 41,9 %, ББҚ-мен авторепо үлесі 4 797,8 млрд теңге (4,0%), ББҚ-мен "тікелей" репо 159,3 млрд теңге (0,1 %) және неттингпен репо 35,5 млрд теңге (0,03 %).

Жылдың басынан бастап, бір жұмыс күн мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме болып табылатын, **TONIA** мөлшерлемесі, 2,8 п.п. төмендеп, жылдық 9,33 % құрады. Жеті жұмыс күн мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлеме болып табылатын **TWINA** индикаторы 1,9 п.п. төмендеп, жылдық 9,24 % құрады. Репо нарығында жасалған мәмілелерге Биржаның 45 мүшесі қатысты.

Бір күндік долларлық своптың кірістілігі 2017 жылдың қыркүйегінде жылдың басындағы осы көрсеткішпен салыстырғанда 2,9 п.п. өсіп, 9,27 % құрады. Екі күндік своптың кірістілігі 2,1 п.п. өсіп, жылдық 9,28% жетті. 2017 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда валюталық своп сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 173,2 %-ға өсіп, 53 011,6 млрд теңгеге жетті. Валюталық своп операцияларының заты тек АҚШ доллары болды.

Фьючерстер

Осы кезде, биржалық нарықтың осы секторында саудалауға, базалық активтері АҚШ доллары, KASE Индексі, акциялардың жеке атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Барлығы 16 қаржы құралы.

Есептік кезеңдегі сауда-саттық көлемі 13,6 млрд теңгеге жетті, ал 2016 жылдың осы кезеңінде KASE деривативтер нарығында мәмілелер жасалған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz